6 сур. Қазақстан Республикасының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулерге бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы

1 Ақмола облысының қоршаған орта жай-күйі

1.1 Нұр-Сұлтан қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 10 стационарлық бекетте жүргізілді (1.1-сур., 1.1-кесте).

1.1- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет номері	Алу мерзімі	Бақылаужү ргізу	Бекеттің мекен-жайы	Анықталатын қоспа
1	Тәулігіне 4 рет	қол күшімен сынама алу (дискретті әдістері)	Жамбыл к-сі, 11	қалқыма бөлшектер (шаң),күкірт диоксиді,көміртегі оксиді,ерігіш сульфаттар,азот диоксиді,фторлы сутегі
2	Тәулігіне 3 рет		Республика даңғылы, 35 (№3 мектеп)	қалқыма бөлшектер (шаң),күкірт диоксиді,азот диоксиді,фторлы сутегі,көміртегі оксиді
3			ТелжанШонанұлы, 47 (лесозавод ауданы)	
4			«Шапагат» базары, Уәлиханов к-сі, Бөгенбай батыр даңғылыныңбұрышы	
5	Әр 20 минут	үздіксізрежи мде	Тұран даңғылы, 2/1 (орталық құтқару станциясы).	PM-2,5 қалқыма бөлшектері,PM-10 қалқыма бөлшектері,күкірт диоксиді,көміртегі оксиді,азот диоксиді,азот оксиді, күкіртті сутегі
6			Ақжол к-сі, («Астана Тазалық» ағындысулардыңшоғырл ануауданы)	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді
7			Түркістан к-сі, 2/1 РФММ	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, күкіртті сутегі
8			Көктал-1, Бабатайұлы к-сі, 24 үй Ә. Марғұлан ат. № 40 орта мектеп	
9			Ә. Сұлтан мешіті, А. Байтұрсынов к-сі, 25 № 72 мектеп-лицей	
10			Қ. Мұнайтпасов к-сі, 13, Л.Н. Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді



1.1-сурет. Нұр-Сұлтан қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (сурет 1.1), Нұр-Сұлтан қ. атмосфералық ауаның ластану деңгейі **өте жоғары** деп бағаланды, ол $EЖҚ=100\%$ (өте жоғары деңгей) және $СИ=8,4$ (жоғары деңгей) РМ-2,5 қалқыма бөлшектері бойынша №7 бекет аумағында анықталды.

**БҚ 52.04.667-2005 сәйкес егер СИ және ЕЖҚ әр түрлі градацияларға түскен жағдайда атмосфералық ауаның ластану дәрежесі ең үлкен мәні бойынша бағаланады.*

Қалқыма бөлшектерінің (шаң) орташа шоғыры $1,5 ШЖШ_{0.т.}$ құрады, РМ-2,5 қалқыма бөлшектері – $2,1 ШЖШ_{0.т.}$, РМ-10 қалқыма бөлшектері – $1,4 ШЖШ_{0.т.}$, азот диоксиді – $1,0 ШЖШ_{0.т.}$, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ аспады (1-кесте).

Қалқыма бөлшектерінің (шаң) максималды бір реттік шоғырлары $2,7 ШЖШ_{м.б.}$ құрады, РМ-2,5 қалқыма бөлшектері – $8,4 ШЖШ_{м.б.}$, РМ-10 қалқыма бөлшектері – $4,5 ШЖШ_{м.б.}$, күкірт диоксиді – $6,5 ШЖШ_{м.б.}$, көміртегі оксиді – $7,2 ШЖШ_{м.б.}$, азот оксиді мен диоксиді – $1,2 ШЖШ_{м.б.}$, күкіртті сутегі – $5,2 ШЖШ_{м.б.}$, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ аспады (1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.

1.2 Көкшетау қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Көкшетау қаласында атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 2 стационарлық бекетте жүргізілді (1.2-сур., 1.2-кесте).

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмері	Іріктеу уақыты	Бақылау жүргізу	Бекеттердің мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	Тәулігіне 3 рет	Қолмен іріктеу (дискретті әдістер)	Ескізеужай, метеостанция аймағы	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртек оксиді, азот оксиді және диоксиді
2	Әр 20 минут сайын	Үздіксіз режимде	Вернадский көш., 46Б	қалқыма бөлшектер РМ-2,5, қалқыма бөлшектер РМ-10, күкірт диоксиді, көміртек оксиді, азот оксиді және диоксиді



1.2 сур. Көкшетау қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (1.2 сур.), Көкшетау қ. атмосфералық ауаның ластану деңгейі **төмен** деп бағаланды, ол СИ=0,2 (төмен деңгей) және ЕЖҚ=0% (төмен деңгей) мәндерімен анықталды.

Ластаушы заттардың орташа және максималды бір реттік шоғырлары ШЖШ аспады (1-кесте).


Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.

1.3 Степногор қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Степногор қаласында атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (1.3-сур., 1.3-кесте).

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмері	Іріктеу уақыты	Бақылау жүргізу	Бекеттердің мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	Үздіксіз режимде	№1 шағын ауданы	аммиак, азот диоксиді, күкірт диоксиді, азот оксиді, көміртек оксиді, озон (жербетті)



1.3 сур. Степногор қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (1.3 сур.), Степногор қ. атмосфералық ауаның ластану деңгейі **төмен** деп бағаланды, ол $СИ=0,9$ (төмен деңгей) және $ЕЖҚ=0\%$ (төмен деңгей) мәндерімен анықталды.

Ластаушы заттардың орташа және максималды бір реттік шоғырлары ШЖШ аспады (1-кесте).


Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.

1.4 Атбасар қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атбасар қаласында атмосфералық ауа жай-күйіне мониторинг жүргізу үшін 1 стационарлық бекет жұмыс істейді (1.4 сурет, 1.4 кесте).

Анықталатын қоспалар және бақылау бекетінің орналасуы

Бекет нөмері	Іріктеу уақыты	Бақылау жүргізу	Бекеттердің мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	Үздіксіз режимде	№1 шағын ауданы 3 құрылыс	қалқыма бөлшектер РМ-2,5, қалқыма бөлшектер РМ-10, күкірт диоксиді, көміртек оксиді, диоксиді және азот оксиді, озон, күкірт сутегі, аммиак, көміртек диоксиді



1.4 сурет. Атбасар қаласының атмосфералық ауаның ластануына бақылау жүргізетін стационарлық желісінің орналасу схемасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (1.4 сур.), Атбасар қ. атмосфералық ауаның ластану деңгейі **төмен** деп бағаланды, ол СИ=0,9 (төмен деңгей) және ЕЖҚ=0% (төмен деңгей) мәндерімен анықталды.

Озонның (жер беткі) орташа шоғырлары 1,8 ШЖШ_{о.т.} құрады, азот диоксиді – 1,5 ШЖШ_{о.т.}, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ аспады (1-кесте).

Ластаушы заттардың максималды бір реттік шоғырлары ШЖШ аспады (1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.

1.5 Щучинск-Бурабай курорттық аймағы (ЩБКА) ауданындағы атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

ЩБКА аумағында атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 4 стационарлық бекетте жүргізілді (1.5 сур, 1.5-кесте).

1.5- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмері	Іріктеу уақыты	Бақылау жүргізу	Бекеттердің мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	Автоматты түрде	Кешенді фонддық мониторинг станциясы (КФМС) «Бурабай»	PM-2,5 қалқыма бөлшектер, PM-10 қалқыма бөлшектер, күкіртдиоксиді, көміртекоксиді, азот оксиді және диоксиді, озон, күкіртсутегі, аммиак, көміртегідиоксиді
2			Бурабай ауылы, Кенесары, 25 көшесі, (С.Сейфуллин мектебі аумағы)	қалқыма бөлшектер PM-2,5, қалқыма бөлшектер PM-10, күкірт диоксиді, көміртек оксиді, диоксиді және азот оксиді, озон, күкірт сутегі, аммиак, көміртек диоксиді
3			Щучинский санаторий кенті, санаторий «Щучинск» ЖШС аумағында	
5			Шоссейная көшесі, №171	қалқыма бөлшектер PM-2,5, қалқыма бөлшектер PM-10, күкірт диоксиді, көміртек оксиді, диоксиді және азот оксиді, озон, күкірт сутегі, аммиак



1.5 сур. ЩБКА ауданында атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Бурабай КФМС атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (1.5 сур.), Бурабай КФМС атмосфералық ауаның ластану деңгейі **төмен** деп бағаланды, ол СИ=0,8 (төмен деңгей) және ЕЖҚ=0% (төмен деңгей) мәндерімен анықталды.

РМ-2,5 қалқыма бөлшектерінің орташа шоғыры 1,1 ШЖШ_{о.т.} құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ аспады (1-кесте).

Ластаушы заттардың максималды бір реттік шоғырлары ШЖШ аспады (1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.

Щучинск-Бурабай курорттық аймақ (ЩБКА) атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (1.5 сур.), ЩБКА ауданында атмосфералық ауаның ластану деңгейі **төмен** деп бағаланды, ол СИ=0,9 (төмен деңгей) және ЕЖҚ=0% (төмен деңгей) мәндерімен анықталды.

РМ-2,5 қалқыма бөлшектерінің орташа шоғыры 1,2 ШЖШ_{о.т.} құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ аспады (1-кесте).

Ластаушы заттардың максималды бір реттік шоғырлары ШЖШ аспады (1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.

1.6 Ақмола облысының аумағындағы жер үсті су сапасы

Ақмола облысы аумағындағы жер үсті сулары сапасын бақылау 18 су объектісінде: Есіл, Нұра, Ақбұлақ, Сарыбұлақ, Қылшықты, Шағалалы, Беттібұлақ, Ақсу өзендерінде және Қопа, Зеренді, Бурабай, Үлкен Шабакты, Кіші Шабакты, Щучье, Карасье, Сұлу көлдерінде, Вячеславское су қоймасында, Нұра-Есіл арнасында жүргізілді.

Бірыңғай жіктеме бойынша су сапасы келесідей бағаланады:

Есіл өзені:

– Тургеневка а., 1,5 км солт.-тен қарай оңтүстікке, Тургеневка ауылынан, 1,5 км төмен су бекеті тұстамасында: Бірыңғай жіктеу бойынша су сапасы 3 классқа жатады: Жалпы фосфор – 0,282 мг/дм³. Жалпы фосфордың нақты концентрациясы фондық класстан аспайды.

– Нұр-Сұлтан қ, тазартылған нөсер суы шығарылғаннан 0,5 км жоғары: Бірыңғай жіктеме бойынша су сапасы 4 классқа жатады: жалпы фосфор– 0,857 мг/дм³, магний – 52,3 мг/дм³. Жалпы фосфор мен магнийдың нақты концентрациясы фондық класстан аспайды.

– Нұр-Сұлтан қ, тазартылған нөсер суы шығарылғаннан 0,5 км төмен: Бірыңғай жіктеу бойынша су сапасы 4 классқа жатады: жалпы фосфор– 0,918 мг/дм³, магний – 51,1 мг/дм³. Жалпы фосфор мен магнийдың нақты концентрациясы фондық класстан аспайды.

– Нұр-Сұлтан қ., Көктал кенті «Астана су арнасы» тазартылған ағынды сулар төгіндісінен 0,5 км жоғары»: Бірыңғай жіктеу бойынша сапасы 5 класқа жатады: фосфаттар – 2,414 мг/дм³, жалпы фосфор – 3,89 мг/дм³

– Талапкер кенті, «Астана су арнасы» тазартылған ағынды сулар ағызудан 0,5 км төмен»: Бірыңғай жіктеу бойынша су сапасы 5 класқа жатады: фосфаттар – 2,378 мг/дм³, жалпы фосфор – 2,529 мг/дм³.

- тұстама: Есіл қ. (Каменный карьер а.), Щербазуыттың солтүстік-батыс шеті. Су сапасы нормаланбайды (>5 кластан). ОХТ – 37,0 мг/дм³, хлоридтер – 355 мг/дм³. ОХТ, хлоридтер нақты шоғырлануы фондық кластан асады.

Есіл өзенінің ұзындығы бойынша судың температурасы 0°C, сутек көрсеткіші 7,50-8,33, суда ерітілген оттегінің концентрациясы – 5,16-11,07 мг/дм³, ОБТ₅ орта есеппен – 0,56-1,5 мг/дм³, түсі – 20-30 градус, иіс– 0 балл.

Өзен ұзындығы бойынша су сапасы нормаланбайды (>4 кластан) жатады: жалпы фосфор – 1,416 мг/дм³

Вячеславское су қоймасында – судың температурасы 0 °C, сутек көрсеткіші 8,1 суда ерітілген оттегінің концентрациясы – 5,19 мг/дм³, ОБТ₅ – 1,14 мг/дм³, түсі– 30 градус, иіс– 0 балл.

-Арнасай а., Арнасай ауылынан 2 км. СШ, су бекеті тұстамасында: Бірыңғай жіктеме бойынша Вячеславское су қоймасы бойынша су сапасы 4 класқа жатады: Жалпы фосфор - 0,434 мг/дм³, магний – 30,4 мг/дм³. Жалпы фосфор мен магнийдың нақты концентрациясы фондық класстан асады.

Нұра өзені:

–Романовка а., ауылдан 5 км төмен, су бекеті тұстамасында: Бірыңғай жіктеме бойынша сапа 4 класқа жатады: Жалпы фосфор – 0,82 мг/дм³, магний – 58,4 мг/дм³. Жалпы фосфор мен магнийдың концентрациясы фондық класстан аспайды.

– Шлюзы, су бекеті тұстамасында: Бірыңғай жіктеме бойынша су сапа 4 класқа жатады: фосфор общий – 0,9 мг/дм³, магний – 49,9 мг/дм³. Магний мен жалпы фосфордың нақты концентрациясы фондық класстан аспайды.

– Қорғалжын а., ауыл көпірі жанында: Бірыңғай жіктеме бойынша сапа 4 класқа жатады: Жалпы фосфор – 0,597 мг/дм³, магний – 57,2 мг/дм³. Жалпы фосфор және магнийдің нақты концентрациясы фондық класстан аспайды.

Нұра өзенінің ұзындығы бойынша судың температурасы 0°C, сутек көрсеткіші 7,70-8,0 суда ерітілген оттегінің концентрациясы – 4,26-5,16 мг/дм³, ОБТ₅ орта есеппен – 0,57-1,14 мг/дм³, түсі – 30 градус, иіс– 0 балл.

Нұра өзенінің ұзындығы бойынша судың сапасы 4 класқа жатады: жалпы фосфор – 0,772 мг/дм³, магний – 55,2 мг/дм³. Жалпы фосфор мен магнийдың нақты концентрациясы фондық класстан аспайды.

Нұра-Есіл арнасы:

–Ақмола обл., арна басы, су бекеті тұстамасында: Бірыңғай жіктеме бойынша сапасы 4 класқа жатады: Жалпы фосфор – 0,462 мг/дм³, аммоний ионы – 1,36 мг/дм³. Жалпы фосфор мен магнийдың нақты концентрациясы фондық класстан асады.

– Пригородное а., автокөлік көпірі жанында: Бірыңғай жіктеме бойынша су сапасы 4 класқа жатады: Жалпы фосфор – 0,676 мг/дм³, магний – 58,4

мг/дм³. Жалпы фосфор, тұзды аммоний мен магнийдың нақты концентрациясы фондық класстан аспайды.

Нұра-Есіл арнасының ұзындығы бойынша судың температурасы 0°C, сутек көрсеткіші 7,45-7,50, суда ерітілген оттегінің концентрациясы – 3,70 мг/дм³, ОБТ₅ орта есеппен – 0,86-1,14 мг/дм³, түсі – 30 градус, иіс– 0 балл.

Нұра-Есіл арнасының ұзындығы бойынша судың сапасы 4 классқа : жалпы фосфор – 0,569 мг/дм³, магний – 59,2 мг/дм³.

Ақбұлақ өзені:

– Нұр-сұлтан қ., сорғы-сүзгіш станциясының жуу суынан 0,5 км жоғары (Ш. Құдайбердиев көшесі ауданы: Бірыңғай жіктеме бойынша су сапасы нормаланбайды (>5 кластан): кальций– 611 мг/дм³, магний – 188 мг/дм³, хлоридтер – 730 мг/дм³, минералдану – 2334 мг/дм³.

– Нұр-сұлтан Қ., сорғы-сүзгіш станциясының жуу суынан 0,5 км төмен (Ш. Құдайбердиев көшесі ауданы: Бірыңғай жіктеме бойынша су сапасы нормаланбайды (>5 кластан): хлоридтер – 1489 мг/дм³, кальций – 623 мг/дм³, магний – 197 мг/дм³, минералдану – 3012 мг/дм³.

– Нұр-сұлтан қ., Есіл өзеніне құятын алдында Мечта дүкені ауданы (Амман к-сі, 14: Бірыңғай жіктеме бойынша су сапасы нормаланбайды (>5 кластан): хлоридтер – 744 мг/дм³.

– Нұр-сұлтан қ., тазартылған нөсерлі су шығысынан 0,5 км жоғары, Ақжол к. ауданы: Бірыңғай жіктеме бойынша су сапасы нормаланбайды (>5 кластан): хлоридтер – 1425 мг/дм³, кальций – 615 мг/дм³, фосфаттар – 5,44 мг/дм³, магний – 217 мг/дм³, минералдану – 2740 мг/дм³.

– Нұр-сұлтан қ., тазартылған нөсер суынан 0,5 км төмен, Ақжол к. ауданы: Бірыңғай жіктеме бойынша су сапасы нормаланбайды (>5 кластан): хлоридтер – 1432 мг/дм³, кальций – 645 мг/дм³, магний – 202 мг/дм³, минералдану – 2846 мг/дм³.

Ақбұлақ өзенінің ұзындығы бойынша судың температурасы 0°C, сутек көрсеткіші 7,65-8,0 суда ерітілген оттегінің концентрациясы – 2,56-6,26 мг/дм³, ОБТ₅ орта есеппен – 0,28-0,57 мг/дм³, түсі – 25-30 градус, иіс– 0 балл.

Ақбұлақ өзенінің ұзындығы бойынша су сапасы нормаланбайды (>5 кластан): хлоридтер – 1164 мг/дм³, жалпы фосфор – 4,68 мг/дм³, кальций – 530,8 мг/дм³, магний – 180,3 мг/дм³, минералдану – 2496 мг/дм³.

Сарыбұлақ өзені:

– Нұр-Сұлтан қ., тазартылған нөсер суларын шығарудан 0,5 км жоғары, Ә. Молдағұлова көшесі ауданы: Бірыңғай жіктеу бойынша су сапасы сапасы нормаланбайды (>5 кластан): магний – 117 мг/дм³. Хлоридтер, магнийдың нақты концентрациясы фондық класстан асады.

– Нұр-Сұлтан қ., тазартылған нөсер суларын шығарудан 0,5 км төмен, Ә. Молдағұлова көшесі ауданы: Бірыңғай жіктеу бойынша су сапасы 4 классқа жатады: тұзды аммоний – 1,98 мг/дм³, жалпы фосфор - 0,876 мг/дм³, магний – 100 мг/дм³. Тұзды аммоний, жалпы фосфор мен магнийдың нақты концентрациясы фондық класстан асады.

– Нұр-Сұлтан қ., Есіл өзеніне құятын алдында: Бірыңғай жіктеу бойынша су сапасы 4 классқа жатады: тұзды аммоний – 1,81 мг/дм³, жалпы фосфор – 0,596

мг/дм³, магний – 86 мг/дм³. Тұзды аммоний, жалпы фосфор мен магнийдың нақты концентрациясы фондық класстан асады.

Сарыбұлақ өзенінің ұзындығы бойынша судың температурасы 0°C, сутек көрсеткіші 7,75-8,0, суда ерітілген оттегінің концентрациясы 4,30-4,87 мг/дм³, ОБТ₅ орта есеппен – 0,85-1,71 мг/дм³, түсі – 25-30 градус, иіс – 0 балл.

Сарыбұлақ өзенінің ұзындығы бойынша су сапасы бойынша су сапасы нормаланбайды (>5 кластан): магний – 101 мг/дм³.

Беттібұлақ өзені:

- тұстама: Золотой Бор кордоны. Су сапасы 4 класқа жатады: қалқымалы заттар – 7,4 мг/дм³. Қалқымалы заттар нақты шоғырлануы фондық класстан асады.

Беттібұлақ өзенінде су температурасы 0°C, сутегі көрсеткіші – 7,64, судағы ерітілген оттегінің шоғырлануы – 10,41 мг/дм³, ОБТ₅ – 2,66 мг/дм³, түсі – 15 градус, иісі – 0 балл.

Қылшықты өзені:

- тұстама: Көкшетау қ., Кірпіш зауыты ауданы. Су сапасы нормаланбайды (>5 кластан): ОХТ – 136,0 мг/дм³, аммоний-ион – 3,689 мг/дм³, жалпы темір – 0,402 мг/дм³. ОХТ, аммоний ионы және жалпы темірдің нақты концентрациясы фондық класстан асады.

- тұстама: Көкшетау қ., “Аққу” балабақшасы ауданы. Су сапасы нормаланбайды (>5 кластан): ОХТ – 74,0 мг/дм³, қалқыма заттар – 29,4 мг/дм³. ОХТ және жалпы темірдің нақты концентрациясы фондық класстан асады.

Қылшықты өзенінің ұзындығы бойынша су температурасы 0°C, сутегі көрсеткіші – 7,88-8,04, суда ерітілген оттегінің шоғырлануы – 6,74-7,16 мг/дм³, ОБТ₅ – 0,77-2,66 мг/дм³.

Қылшықты өзен ұзындығы бойынша су сапасы нормаланбайды (>5 кластан): ОХТ – 105,0 мг/дм³.

Шағалалы өзені:

- тұстама: Көкшетау қ., Заречный а.: Су сапасы 4 класқа жатады: ОХТ – 35,0 мг/дм³, рН – 8,74 мг/дм³

- тұстама: Көкшетау қ., Красный Яр а.: Су сапасы 4 класқа жатады: ОХТ – 31,0 мг/дм³.

Шағалалы өзені бойынша су температурасы 0°C, сутегі көрсеткіші – 7,74-7,97, суда ерітілген оттегінің шоғырлануы – 8,74-10,07 мг/дм³, ОБТ₅ – 4,42-4,57 мг/дм³.

Шағалалы өзен ұзындығы бойынша су сапасы 4 класқа жатады: ОХТ – 33,0 мг/дм³.

Зеренді көлі:

Зеренді көлі су температурасы 0°C, сутегі көрсеткіші – 8,62, суда ерітілген оттегінің шоғырлануы – 11,74 мг/дм³, ОБТ₅ – 1,49 мг/дм³, ОХТ – 52,0 мг/дм³, минералдану – 1100 мг/дм³, қалқыма заттар – 12,2 мг/дм³, түсі – 20 градус, иісі – 0 балл.

Қопа көлі:

Қопа көлі су температурасы 0°C, сутегі көрсеткіші – 8,38, судағы еріген оттегінің шоғырлануы – 12,24 мг/дм³, ОБТ₅ – 2,25 мг/дм³, ОХТ – 41,0 мг/дм³,

минералдану – 1079 мг/дм³, қалқыма заттар – 11,0 мг/дм³, түсі – 20 градус, иісі – 0 балл.

Бурабай көлі:

Бурабай көлі су температурасы 0°C, сутегі көрсеткіші – 7,92, судағы еріген оттегінің шоғырлануы – 11,92 мг/дм³, ОБТ₅ – 1,16 мг/дм³, ОХТ – 29,0 мг/дм³, минералдану – 248 мг/дм³, қалқыма заттар – 9,0 мг/дм³, түсі – 20 градус; иісі – 0 балл.

Үлкен Шабакты көлі:

Үлкен Шабакты көлі су температурасы 0°C, сутегі көрсеткіші – 8,66, судағы еріген оттегінің шоғырлануы – 13,23 мг/дм³, ОБТ₅ – 1,00 мг/дм³, ОХТ – 51,0 мг/дм³, минералдану – 52 мг/дм³, қалқыма заттар – 6,8 мг/дм³, түсі – 10 градус, иісі – 0 балл.

Щучье көлі:

Щучье көлі су температурасы 0°C, сутегі көрсеткіші – 8,45, судағы еріген оттегінің шоғырлануы – 10,91 мг/дм³, ОБТ₅ – 0,83 мг/дм³, ОХТ – 23,0 мг/дм³, минералдану – 446 мг/дм³, қалқыма заттар – 4,0 мг/дм³, түсі – 5 градус, иісі – 0 балл.

Кіші Шабакты көлі:

Кіші Шабакты көлі су температурасы 0°C, сутегі көрсеткіші – 8,70, судағы еріген оттегінің шоғырлануы – 12,07 мг/дм³, ОБТ₅ – 0,60 мг/дм³, ОХТ – 78,0 мг/дм³, минералдану – 5154 мг/дм³, қалқыма заттар – 21,0 мг/дм³, түсі – 10 градус, иісі – 0 балл.

Сұлукөл көлі:

Сұлукөл көлі су температурасы 0°C, сутегі көрсеткіші – 8,07, судағы еріген оттегінің шоғырлануы – 10,74 мг/дм³, ОБТ₅ – 0,74 мг/дм³, ОХТ – 81,0 мг/дм³, минералдану – 193 мг/дм³, қалқыма заттар – 3,6 мг/дм³, түсі – 80 градус, иісі – 0 балл.

Карасье көлі:

Карасье көлі су температурасы 0°C, сутегі көрсеткіші 8,10, судағы еріген оттегінің шоғырлануы – 11,17 мг/дм³, ОБТ₅ – 0,50 мг/дм³, ОХТ – 45,0 мг/дм³, минералдану – 238 мг/дм³, қалқыма заттар – 8,6 мг/дм³, түсі – 20 градус, иісі – 0 балл.

Жүкей көлі:

Жүкей көлі су температурасы 0°C, сутегі көрсеткіші – 8,58, судағы еріген оттегінің шоғырлануы – 10,82 мг/дм³, ОБТ₅ – 4,46 мг/дм³, ОХТ – 72,0 мг/дм³, минералдану – 3240 мг/дм³, қалқыма заттар – 14,8 мг/дм³, түсі – 15 градус, иісі – 0 балл.

2020 жылғы желтоқсан айында Ақмола облысы аумағындағы су нысандарының су сапасы Бірыңғай жіктеме бойынша келесі түрде бағаланады: 4 класс – Нұра, Беттыбулак, Шагалалы өзендері, Нұра-Есіл арнасы, **Вячеславское су қоймасы**; нормаланбайды (>4 кластан) – Есіл өзені; 5 класс – Бурабай көлі; нормаланбайды (>5 кластан) – Қылшықты, Ақбұлақ, Сарыбұлақ өзендері (4-кесте).

2019 жылдың желтоқсанмен салыстырғанда Есіл, Қылшықты өзендерде, Зеренді, Копа, Үлкен Шабакты, Кіші Шабакты, Сұлукөл, Карасье, Жүкей

көлдерінде – өзгерген жоқ, Беттібұлақ, Шағалалы өзендерде, Щучье, Бурабай көлдерде – жақсарылды (4-кесте).

2019 жылдың желтоқсан айымен салыстырғанда Нұра, Қылшықты өзендерде және Вячеславское су қоймасында – өзгерген жоқ, Нұра-Есіл арнасында, Беттібұлақ, Шағалалы өзендерде - жақсарылды, Есіл өзенінде – нашарлады.

1.7 Ақмола облысының радиациялық гамма-фоны

Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күнсайын жергілікті 15 метеорологиялық станцияларда (Астана, Аршалы, Ақкөл, Атбасар, Балкашино, «Боровое» КФМС, Егінлікөл, Ерейментау, Көкшетау, Қорғалжын, Степногор, Жалтыр, Бурабай, Щучье, Шортанды) бақылау жүргізілді (1.6 -сур.).

Облыстағы елді-мекендер бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатындағы радиациялық гамма-фонның орташамәні 0,05 – 0,35 мкЗв/сағ. облыс бойынша радиациялық гамма-фонның орташа мәні 0,13 мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін шамаға сәйкес келеді.

1.8 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау Ақмола облысында 5 метеорологиялық станцияда (Атбасар, Көкшетау, Степногор, Астана, «Боровое» КФМС) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (1.6-сур.).

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 1,2 – 2,1 Бк/м² аралағында болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,6 Бк/м², бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



1.6 сур. Ақмола облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

2 Ақтөбе облысының қоршаған орта жай-күйі

2.1 Ақтөбе қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 6 стационарлық бекетте жүргізілді (2.1-сур., 2.1-кесте).

2.1- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет номері	Алу мерзімдері	Бақылау жүргізу	Бекеттер мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 4 рет	қолмен сынама лау (дискреттік әдіс)	Авиақалашық, 14	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртек оксиді, азот диоксиді
4	тәулігіне 3 рет	қолмен сынама лау (дискреттік әдіс)	Белинский көшесі, 5	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртек оксиді, азот диоксиді, күкіртті сутек, формальдегид, хром
5			Ломоносов көшесі, 7	қалқыма бөлшектер (шаң), көміртек оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, ерігіш сульфаттар, формальдегид, хром
2	әрбір 20 минут сайын	үздіксіз режимде	Рысқұлов көшесі, 4 Г	қалқыма бөлшектері РМ-10, күкірт диоксиді, көміртек оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон (жербеті), күкіртті сутек, радиациялық гамма фон қуаттылығы
3			Есет-батыр көшесі, 109А	қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртек оксиді, азот диоксиді, азот оксиді озон (жербеті), күкіртті сутек, радиациялық гамма фон қуаттылығы
6			ул. Жанкожа-батыра, 89	қалқыма бөлшектері РМ-2,5, қалқыма бөлшектері РМ-10, күкірт диоксиді, озон (жербеті), күкіртті сутек



2.1-сурет. Ақтөбе қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша, (сурет 2.1) қаладағы атмосфералық ауаның ластануы **өте жоғары** деңгейде сипатталды, СИ мәні 15,25 тең (өте жоғары деңгей) және $EЖҚ=3,7\%$ (көтеріңкі деңгей) күкіртсутек бойынша №2 бекет аумағында (Рысқұлов көшесі, 4Г) мәнімен анықталды.

* БҚ 52.04.667-2005 сәйкес егер СИ және ЕЖҚ әр түрлі градацияларға түскен жағдайда атмосфералық ауаның ластану дәрежесі ең үлкен мәні бойынша бағаланады.

*2020 жылдың 07 желтоқсанда №2 автоматты бекет мәліметі бойынша (Рысқұлов көшесі, 4Г) күкіртті сутегі (15,2 ШЖШ) бойынша атмосфералық ауаның 3 жоғары ластану (ЖЛ) тіркелді.

Ластаушы заттар айлық орташа шоғыры ШЖШ-дан аспады

Күкіртсутек максималды бір реттік шоғыры 15,25 ШЖШ м.б, азот оксиді – 3,01 ШЖШ м.б, басқа ластаушы заттар шоғыры ШЖШ-дан аспады (кесте-1).

2.2 Ақтөбе облысы аумағындағы жер үсті су сапасы

Ақтөбе облысы аумағындағы жер үсті суларының ластануын бақылау 1 су объектісінде Елек өзенінде жүргізілді.

Бірыңғай жіктеме бойынша су сапасы келесідей бағаланады:

Елек өзені:

- Елек өзені, Ақтөбе облысы, Алға қаласынан 0,3 км жоғары, Ақтөбе химиялық зауытының шлам тоғандарынан 1 км жоғары: су сапасы 5-класқа жатады: фенол– 0,005 мг/дм³. Фенолдың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- Елек өзені, Ақтөбе облысы, Алға қаласынан 15 км төмен, жер асты суларының шығуынан 0,5 км төмен: су сапасы 5 класқа жатады: фенолдар -0,005 мг/дм³. Фенолдардың концентрациясы фондық кластан аспайды.

- Елек өзені, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласынан 0,5 км жоғары, Новороссийск көпірінен 8 км жоғары, Қарғалы өз. құйылысынан 11,2 км жоғары: су сапасы 4 класқа жатады: аммоний-ион -2,04 мг/дм³,. Аммоний-ион нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- Елек өзені, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласынан 4,5 км төмен, Жінішке өзеніне төмен құятын, жер асты суларының шығуынан 0,5 км жоғары: су сапасы нормаланбайды (>3 класс): фенолдар – 0,004 мг/дм³. Фенолдардың нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.

- Елек өзені, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласынан 20 км төмен, Георгиевка ауылынан 2,0 км төмен, жер асты суларының шығуынан 0,5 км төмен: су сапасы нормаланбайды (>3 класс): фенолдар – 0,002 мг/дм³, хром(6+) – 0,22 мг/дм³. Фенолдың нақты конценърациясы фондық кластан аспайды және хром(6+) нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- Елек өзені, Ақтөбе облысы, Целинный ауылынан 1,0 км оңтүстік – шығысқа, Елек өзенінің сол жақ жағалауы: су сапасы нормаланбайды (>3 класс): хром(6+) – 0,081 мг/дм³, фенол – 0,003 мг/дм³. Фенолдың нақты конценърациясы фондық кластан аспайды және хром(6+) нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Елек өзені бойынша су температурасы 0,4 – 4,7°C, сутегі көрсеткіші 7,97 – 8,11, судағы еріген оттегі 8,49 – 10,74 мг/дм³, ОБТ₅ 0,82 – 1,76 мг/дм³, түстілігі – 21 см, иісі – 0 балл.

Елек өзені бойынша су сапасы нормаланбайды (>3 класс): фенолдар – 0,0035 мг/дм³, хром (6+) – 0,15 мг/дм³.

Бірыңғай жіктеме бойынша 2020 жылғы желтоқсан айындағы Ақтөбе облысы аумағындағы су объектілері келесідей бағаланады: нормаланбайды (>3 класс) – Елек өзені (4 кесте).

2019 жылдың желтоқсан айымен салыстырғанда Елек өзенінің су сапасы өзгермеді.

2.3 Ақтөбе облысының радиациялық гамма-фоны

Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күн сайын жергілікті 7 метеорологиялық станцияларда (Ақтөбе, Қарауылкелді, Новоалексеевка, Родниковка, Ойыл, Шалқар, Жағабұлақ) және Ақтөбе қаласының (№2 ЛББ, № 3 ЛББ) 2 автоматты бекетінде бақылау жүргізілді (2.2-сур.).

Елді-мекендер бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатындағы радиациялық гамма-фонның орташа мәні 0,02 – 0,27 мкЗв/сағ. аралығында болды. Облыс бойынша радиациялық гамма-фонның орташа мәні 0,13 мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін шамаға сәйкес келеді.

2.4 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау Ақтөбе облысында 3 метеорологиялық станцияларда (Ақтөбе, Қарауылкелді, Шалқар) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (2.2-сур.). Барлық станцияларда бестуәліктік сынамаларды алу жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы $1,2-2,1 \text{ Бк/м}^2$ аралығында болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы $1,6 \text{ Бк/м}^2$, бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



2.4 сур. Ақтөбе облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

3 Алматы облысының қоршаған орта жай-күйі

3.1 Алматы қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 25 стационарлық бекетте жүргізілді (3.1-сур., 3.1-кесте).


3.1-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 4 рет	қол күшімен алынған	Амангелді к-сі. Сәтбаев к-сі бұрышы	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
12	тәулігіне 3 рет	сынама(дискретті әдіс)	Райымбек даңғылы, Наурызбай батыр к-сі бұрышы	диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, фенолдар формальдегид
16			Айнабұлақ-3 ш-а	
25			Ақсай-3 ш-а, Маречека к-сі, Б.Момышұлы к-сі бұрышы	
26			Тастақ-1 ш-а, Төле би к-сі, 249, ММ «№8 қалалық балалар емханасы»	
27	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Медеу метеостансасы, Горная к-сі,548	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді,көміртегі оксиді,азот диоксиді,азот оксиді
28			аэрологиялық станса (Өуежай ауданы) Ахметов к-сі, 50	
29			Түркісіб ауданының ІДАБ Р. Зорге к-сі,14	
30			«Шаңырақ» ш-а,№26 мектеп, Жанқожа батыр к-сі., 202	
31			Аль-Фараби даңғылы, Науаи к-сі бұрышы, Орбита ш-а («Зеленстрой» АҚ Дендропарк аймағы)	
1			Аль-Фараби атындағы ұлттық университеті аумағы, Бостандық ауданы	күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді,азот оксиді
2			Бұрындай автошаруашылық, Аэродромная к-сі, Түркісіб ауданы	
3			Момышұлы көшесіндегі «Алматы арена» мұз аренасы, Алатау ауданы	
4			№32 жалпы білім беру мектебі, 70 разъезд ауданы, Түркісіб ауданы	
5			«Халық арена»мұз аренасы, Медеу ауданы, Думан мөлтекауданы	
6			Жетісу әкімшілігі аумағы, «Құлагер» мөлтекауданы, Жетісу ауданы	
ПА4312603	әр 30 минут сайын	үзіліссіз режимде	Ақан Сері, 159Б (Баум тоғай ауданы)	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері
ПА4439475			Курчатова, 1Б (Райымбек және Өтеген Батыр ауданы)	
ПА7723955			Камышин, 108 (Аэропорт ауданы)	
ПА4438736			Мамыр 1, үй 27	
ПА39168240			Карасу, 6-ы, 122	

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
ПА5			Толе би, 159	
ПА6			Розыбакиев, 270	
ПА38834077			Тимирязев, 28в	
ПА12			НИИ астрофизик атындағы. В.Г. Фесенков	



3.1-сурет. Алматы қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (3.1-сурет.) Алматы қ. атмосфералық ауаның жалпы ластану деңгейі **өте жоғары** деңгейде болып бағаланды, ЕЖҚ =50% (өте жоғары деңгей) №31 (Аль-Фараби даңғылы, Науаи к-сі бұрышы, Орбита ш-а («Зеленстрой» АҚ Дендропарк аймағы)) бекет аумағында азот диоксиді бойынша, ал СИ =5,8 (жоғары деңгей) №3 (Момышұлы көшесіндегі «Алматы арена» мұз арена, Алатау ауданы) бекет аумағында РМ-2,5 қалқыма бөлшектері бойынша анықталды.

**БҚ -ға сәйкес ЕЖҚ және СИ әр түрлі градацияға түскен жағдайда атмосфералық ауаның ластану дәрежесі ең үлкен мәні бойынша бағаланады.*

Ластанушы заттардың орташа шоғырлары: РМ-2,5 қалқыма бөлшектері -2,0 ШЖШ_{0,т}, РМ-10 қалқыма бөлшектері -1,4 ШЖШ_{0,т}, азот диоксиді – 2,2 ШЖШ_{0,т},

формальдегид –1,5 ШЖШ_{0.т.} құрады, ауыр металдардың шамасы және басқа ластаушы заттар – ШЖШ-дан аспады.

Ластаушы заттарыдың максималды - бір реттік шоғырлары: Қалқыма бөлшектері (шаң)–1,9 ШЖШ_{м.б.}, РМ-2,5 қалқыма бөлшектері – 5,8 ШЖШ_{м.б.}, РМ-10 қалқыма бөлшектері –4,1 ШЖШ_{м.б.}, көміртегі тотығы –3,3 ШЖШ_{м.б.}, азот диоксиді – 4,8 ШЖШ_{м.б.}, азот оксиді – 2,4 ШЖШ_{м.б.} құрады, басқа ластаушы заттар – ШЖШ-дан аспады (3-кесте).

Атмосфералық ауа бойынша жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары байқалған жоқ.


3.2 Талдықорған қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 2 стационарлық бекетте жүргізілді (3.2-сур., 3.7-кесте).

3.2- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Гагарин көш., 216 және Жабаев көшесі	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, күкіртті сутек,аммиак.
2	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Қонаев көш., 32	қалқыма бөлшектер РМ-10, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, күкіртті сутек,аммиак, гамма сәулеленудің эквивалентті дозасының қуатылығы



3.2-сурет. Талдықорған қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (3.2-сур.), Талдықорған қ. атмосфералық ауасының жалпы ластану деңгейі **көтеріңкі** деңгейде болып бағаланды, СИ тең 3,4 (көтеріңкі деңгей) РМ-2,5 қалқыма бөлшектер мәнімен №1 бекет аумағында (Гагарин көш., 216 және Жабаяев көшесі) және ЕЖҚ=18 % (көтеріңкі деңгей) азот диоксиді мәнімен №2 бекет аумағында (Қонаев көш., 22) анықталды.

Ластаушы заттардың орташа айлық шоғырлары: РМ-10 қалқыма бөлшектер–1,5 ШЖШ_{о.т}, РМ-2,5 қалқыма бөлшектер–2,3 ШЖШ_{о.т}, азот диоксиді–2,3 ШЖШ_{о.т} құрады, басқа ластанушы заттардың мөлшері ШЖШ-дан аспады.

Ластаушы заттардың максималды бірлік шоғырлары: РМ-10 қалқыма бөлшектер–2,9 ШЖШ_{м.б}, РМ-2,5 қалқыма бөлшектер–3,4 ШЖШ_{м.б}, көміртегі оксиді–2,0 ШЖШ_{м.б}, азот диоксиді–2,4 ШЖШ_{м.б}, азот оксиді–1,6 ШЖШ_{м.б} және күкіртті сутегі–1,3 ШЖШ_{м.б} құрады, басқа ластанушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.

3.3 Атмосфералық ауа ластануының сипаттамасы ПА бақылау желісінің деректері

Қоспа	Орташа шоғыр (Q _{о.т})		Ең жоғарғы бір реттік шоғыр (Q _{м.б})		ШЖШ арту жағдайларының саны		
	мг/м ³	ШЖШ _{о.т} .асу еселігі	мг/м ³	ШЖШ м.б.асу еселігі	>ШЖШ	>5 ШЖШ	>10 ШЖШ
Алматы қаласы							
РМ-2,5 қалқыма бөлшектері	0,061	1,7	0,813	5,1	1158	1	
РМ-10 қалқыма бөлшектері	0,074	1,2	1,230	4,1	366		

ПА Бақылау желісінің деректері бойынша (3.2-Кесте) қалада атмосфералық ауаның жалпы ластану деңгейі **жоғары деңгейде** болып бағаланды, СИ=5,1 (**жоғары деңгей**), ал ЕЖҚ=31% (**жоғары деңгей**) ПАН_{№4439475} (Курчатов, 1Б (Райымбек және Өтеген Батыр ауданы)) бекет аумағында, РМ-2,5 қалқыма бөлшектері бойынша анықталды.

3.4 Алматы облысы аумағындағы жер үсті су сапасы

Алматы облысы аумағында жер үсті суларының ластануын бақылау 10 су нысанында (Іле, Текес, Қорғас, Кіші Алматы, Есентай, Үлкен Алматы, Қаратал, Ақсу, Лепсі өзендер, Қапшағай су қоймасы) жүргізілді.

Іле өзенінің басы Қытай территориясы Тянь-Шань тау етегінен бастау алады және Қазақстанның ең ірі трансшекаралық өзендерінің бірі боп саналады. Алматы облысы аумағынан Балқаш өзенінің батыс бөлігіне құйылады. Текес, Шарын, Шелек, Түрген, Есік, Баянкөл, Қаскелен, Үлкен Алматы, Кіші Алматы өзендері Іле өзенінің сол жақ жағалаудағы саласы болып табылады. Есентай өзені Кіші Алматы өзенінің тармағы. Қарқара және Темірлік өзендері Шарын өзенінің саласы. Қорғас өзені Іле өзенінің оң жақ жағалаудағы саласы болып саналады. Талғар өзені Қапшағай су қоймасына құяды. Қаратал, Ақсу, Лепсі, Балқаш көліне, Тентек, Жаманты, Ырғайты, Еміл, Қатынсу, Үржар, Егінсу өзендері Алакөл көліне құйылады.

Кіші Алматы өзені:

- Алматы қ., қаладан 11 км жоғары, су сапасы 1 класқа жатады.

- Алматы қ., Автожолдың көпірінен 0,2 км жоғары, Рыскулов даң., су сапасы 4 класқа жатады: магний – 30,6 мг/дм³. Магнийдің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- Алматы қ., қаладан 4,0 км төмен, су сапасы 4 класқа жатады: магний – 37,5 мг/дм³. Магнийдің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Кіші Алматы өзені ұзындығы бойынша барлық тұстамаларда су температурасы 1,2-4,3 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 7,41-7,55, суда еріген оттегінің концентрациясы – 11,9-13,2 мг/дм³, ОБТ5 – 0,9-1,61 мг/дм³, Түсі – 5 градус, судың иісі – 0 балл.

Су сапасы 3 класқа жатады: магний – 26,8 мг/дм³.

Үлкен Алматы өзені:

- Алматы қ., қаладан 9,1 км жоғары су сапасы 3 класқа жатады: аммоний ионы - 0,6 мг/дм³. Аммоний ионының нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- Алматы қ., Сайран көлден 0,5 км төмен су сапасы 4 класқа жатады: аммоний ионы - 1,1 мг/дм³. Аммоний ионының нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- Алматы қ., Автожолдың көпірінен 0,2 км жоғары, Рыскулов даң., су сапасы 3 класқа жатады: аммоний ион-0,67 мг/дм³. Аммоний ионының нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Үлкен Алматы өзені ұзындығы бойынша барлық тұстамаларда су температурасы температурасы 0,8-2,7 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 7,34-7,48, суда ерітілген оттегінің концентрациясы – 12,5-13 мг/дм³, ОБТ5 – 0,83-1,18 мг/дм³, түсі – 5-6 градус; иісі – 0 балл.

Су сапасы 3 класқа жатады: аммоний ионы - 0,79 мг / дм³.

Есентай өзені:

- Алматы қ., Аль-Фараби даң., көпірден 0,2 км жоғары су сапасы 2 класқа жатады: марганец-0,018 мг/дм³. Марганецтің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- Алматы қ., Рыскулов даң., көпірден 0,2 км жоғары, су сапасы 2 класқа жатады: марганец-0,019 мг/дм³. Марганецтің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Есентай өзені ұзындығы бойынша барлық тұстамаларда су температурасы 1,1-1,5 °С шегінде, сутегі көрсеткіші – 7,43-7,44, суда ерітілген оттегінің концентрациясы – 11,5-12,9 мг/дм³, ОБТ5 – 0,92-0,95 мг/дм³, Түсі – 5 градус, иісі – 0 балл болып белгіленген.

Су сапасы 2 класқа жатады: марганец-0,019 мг/дм³.

Текес өзенінде су сапасы 3 класқа жатады: магний – 24,3 мг/дм³. Магнийдің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Текес өзені ұзындығы бойынша барлық тұстамаларда су температурасы 0,1-0,4 °С шегінде, сутегі көрсеткіші – 7,45-7,51, суда ерітілген оттегінің концентрациясы-11,3 –11,6 мг/дм³, ОБТ5-0,78 – 1,1 мг/дм³, түсі – 5-6 градус, иісі- 0 балл.

Қорғас өзені:

-*Басқұншы а., су бекеті тұстамасында*, су сапасы 3 класқа жатады: магний – 23,8 мг/дм³. Магнийдің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- *Ынталы застава*сы су сапасы 3 класқа жатады: магний-21,2 мг / дм³. Магнийдің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Қорғас өзенінің ұзындығы бойынша су температурасы 3,5-4,8 °С шегінде, сутегі көрсеткіші – 7,31-7,45, суда ерітілген оттегінің концентрациясы – 9-11,3 мг/дм³, ОБТ5 – 1,09-2,2 мг/дм³, Түсі – 5 градус, иісі – 0 балл.

Су сапасы 3 класқа жатады: магний – 21,9 мг/дм³.

Іле өзенінде:

- *ГБ 164 км, Қапшағай ГЭС су бекеті тұстамасында*, 3 класқа жатады: магний-21,9 мг/дм³. Магнийдің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- *Қапшағай т. м., ГЭС-тен 26 км төмен су бекеті тұстамасында*, су сапасы 4 класқа жатады: қалқыма заттар-19 мг/дм³. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- *Үшжарма а., Үшжарма ауылынан 6,0 км төмен*, су сапасы 3 класқа жатады: магний -24,8 мг/дм³. Магнийдің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- *Добын ай., су бекеті тұстамасында*, су сапасы 3 класқа жатады: магний - 23 мг/дм³. Магнийдің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- *Іле өзенінің ұзындығы бойынша* барлық тұстамаларда су температурасы 1,4-3,2 °С шегінде, сутегі көрсеткіші – 7,36-8,04, суда ерітілген оттегінің концентрациясы – 10,8-12,2 мг/дм³, ОБТ5 – 0,7-1,49 мг/дм³, түсі – 5-6 градус, иісі – 0 балл.

Су сапасы 3 класқа жатады: магний - 23,2 мг/дм³.

Қапшағай су қоймасы:

- *Қапшағай қ., (Қаскелен өз. сағасынан 4,5 км А-16)* су сапасы 3 класқа жатады: магний - 23,3 мг/дм³. Магнийдің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- *Қарашоқы а., ауыл шекарасында* су сапасы 5 класқа жатады: қалқыма заттар - 26 мг/дм³. Өлшенген заттардың нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.

Қапшағай су қоймасы барлық тұстамасы су температурасы 1,4-1,6 °С шегінде, сутегі көрсеткіші – 7,42-7,56, суда ерітілген оттегінің концентрациясы – 12,2-12,5 мг/дм³, ОБТ5 – 0,94-1,08 мг/дм³, түсі – 6-7 градус, иісі – 0 балл.

Су сапасы 3 класқа жатады: магний - 24 мг/дм³.

Лепсі өзені:

- *Лепсі стансасы* су сапасы 3 класқа жатады: магний - 21,4 мг/дм³. Магнийдің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- *Төлебай а.* су сапасы 3 класқа жатады: магний - 25,8 мг/дм³. Магнийдің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Лепсі өзенінің ұзындығы бойынша су температурасы 0-0,1 °С шегінде, сутегі көрсеткіші – 7,25-7,26, суда ерітілген оттегінің концентрациясы – 10,2-10,7 мг/дм³, ОБТ5 – 1,1-1,4 мг/дм³, түсі – 5-6 градус, иісі – 0 балл.

Су сапасы 3 класқа жатады: магний - 24 мг/дм³.

Ақсу өзені:

- *Матай стансасында* су сапасы 2 класқа жатады: фосфаттар-0,24 мг / дм³. Фосфаттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Су температурасы 0 °С шегінде, сутегі көрсеткіші – 7,32, суда ерітілген оттегінің концентрациясы – 10,7 мг/дм³, ОБТ5 -1,4 мг/дм³, түсі – 7 градус, иісі – 0 балл.

Қаратал өзені:

- *Талдықорған қ.* су сапасы 1 класқа жатады.

- *Текелі қ.* су сапасы 3 класқа жатады: аммоний ионы-0,64 мг/дм³.

-*Үштөбе а.* су сапасы 1 класқа жатады.

Қаратал өзенінің ұзындығы бойынша су температурасы температурасы 0,2-2,1 °С шегінде, сутектік көрсеткіш – 7,28-7,46, суда еріген оттегінің концентрациясы – 8,6-10,2 мг/дм³, ОБТ5 – 1,0-1,6 мг/дм³, Түсі – 5 градус, иісі – 0 балл.

Су сапасы 1 класқа жатады.

Бірыңғай класс бойынша Алматы облысының аумағындағы су объектілері суының сапасы 2020 жылғы желтоқсанда мынадай түрде бағаланады: 1 класс - Қаратал өзені; 2 класс-Есентай, Қорғас, Ақсу өзендері; 3класс-Кіші Алматы, Үлкен Алматы, Текес, Іле, Лепсі өзендері, Қапшағай су қоймасы.

2019 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда Кіші Алматы, Есентай, Іле, Қорғас, Лепсі, Қаратал, Ақсу өзендеріндегі судың сапасы жақсарды; Үлкен Алматы, Текес өзендерінде– айтарлықтай өзгерген жоқ; ашөс– те. Қапшағай-нашарлады.

3.5 Алматы облысының радиациялық гамма-фоны

Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күнсайын жергілікті 8 метеорологиялық станцияларда (Алматы, Бақанас, Қапшағай, Нарынқол, Жаркент, Лепсі, Талдықорған, Сарыөзек) және Талдықорған қаласының 1 автоматты бекетінде (№2 ЛББ) бақылау жүргізілді (3.3-сур.).

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатындағы радиациялық гамма-фонның орташа мәні 0,12-0,25 мкЗв/сағ. аралығында болды. Облыс бойынша радиациялық гамма- фонның орташа мәні 0,17 мкЗв/сағ., бұл табиғи фоннан аспайды.

3.6 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау Алматы облысында 5 метеорологиялық станцияларда (Алматы, Нарынқол, Жаркент, Лепсі, Талдықорған) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (3.3-сур.).

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 1,1-2,1 Бк/м² аралығында болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,7 Бк/м², бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



3.3 сур. Алматы облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы

4. Атырау облысының қоршаған ортаның ластану жай-күйі


4.1 Атырау қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 5 стационарлық бекетте жүргізілді (4.1-сур., 4.1-кесте).

4.1- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама (дискретті әдіс)	Азаттық даңғ., Әуезов даңғ. бұрышы	Қалқыма бөлшектер (шан), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, күкірттісутегі, фенол, аммиак, формальдегид
5			Сәтбаев даңғ., мен Владимирская көш., бұрышы	
6	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Атырау филиалының жанында, ескі әуежай	PM-10 қалқыма бөлшектер,, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді мен оксиді, озон, күкірттісутегі, аммиак, көміртегі диоксиді
8			Сырдарья даңғ., 3	PM-2,5 қалқыма бөлшектер, PM-10 қалқыма бөлшектер, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді мен оксиді, озон (жербеті), күкірттісутегі, көмірсутегісінің сомасы, аммиак, метан
9			Береке шағын ауданы, Берекеөндірістік ауданы	



4.1 сур. Атырау қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша, (4.1 сур.) Атырау қ. атмосфералық ауаның ластану деңгейі **жоғары** болып бағаланды, ЕЖҚ мәні бойынша 7,4% (көтеріңкі деңгей), СИ=8,6 (жоғары деңгей) болып бағаланды (1, 2 - сур.). Қала ауасы Атырау қаласында орналасқан №8 автоматты бекет аумағында (Сырдария, 3) күкіртті сутегімен басым ластанған.

**БҚ -ға сәйкес ЕЖҚ және СИ әр түрлі градацияға түскен жағдайда атмосфералық ауаның ластану дәрежесі ең үлкен мәні бойынша бағаланады.*

Орташа-бірлік қалқыма бөлшектер РМ-2,5 бойынша -1,2 ШЖШ_{от.} басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады. (1-кесте).

Максималды-бірлік шоғырлары қалқыма бөлшектер (шаң) бойынша – 1,2 ШЖШ_{м.б.}, қалқыма бөлшектер РМ-2,5-1,1 ШЖШ_{м.б.}, қалқыма бөлшектер РМ-10-1,1 ШЖШ_{м.б.}, күкіртті сутегі – 8,6 ШЖШ_{м.б.}, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады. (1-кесте).

Атмосфералық ауа бойынша жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары байқалған жоқ.


4.2 Құлсары қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (4.2-сур., 4.2-кесте).

4.2- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
7	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Махамбет Өтемісов к-сі, 37а	қалқыма бөлшектері (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді мен оксиді, озон (жербеті), күкіртті сутегі, аммиак



4.2 сур. Құлсары қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша, (4.2-сурет) Құлсары қ. атмосфералық ауаның ластану деңгейі **төмен** деңгейде болды, СИ мәні бойынша 0,4 (төмен деңгейі) және ЕЖҚ= 0% (төмен деңгейі) бағаланды (1, 2 - сур.).

**БҚ -ға сәйкес ЕЖҚ және СИ әр түрлі градацияға түскен жағдайда атмосфералық ауаның ластану дәрежесі ең үлкен мәні бойынша бағаланады.*

Орташа және максималды-бірлік шоғырлары ластанушы заттардың ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Атмосфералық ауа бойынша жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары байқалған жоқ.

4.3 Атырау облысы аумағындағы жер үсті су сапасы

Атырау облысы аумағындағы жер үсті суларының ластануын бақылау 5 су нысанында: Жайық, Шаронова және Қиғаш өзендерінде, Перетаска және Яик тармағында жүргізілді.

Жайық өзені Ресей Федерациясы аумағынан ағып шығып, БҚО және Атырау облысы аумақтарынан ағып өтіп, Каспий теңізіне Атырау облысы аумағына құяды.

Шаронова және Қиғаш өзендері Волга өзенінің төменгі ағысындағы, Қазақстан аумағы арқылы өтетін, тармақтары. Өзендер Атырау облысы аумағында Каспий теңізіне құяды.

Бірыңғай жіктеме бойынша су сапасы келесідей бағаланады:

Жайық өзені:

- Индер кенті тұстамасы: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – 153 мг/дм^3 . Қалқыма заттар нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- Атырау қ., 1 км жоғары тұстамасы: су сапасы 3 класқа жатады: магний – $25,1 \text{ мг/дм}^3$.

- 0,5 км жоғары "Атырау су арнасы" КМК» тұстамасы: су сапасы 4 класқа жатады: магний – $35,2 \text{ мг/дм}^3$.

- Атырау қ., 0,5 км төмен "Атырау су арнасы" КМК» тұстамасы: су сапасы 3 класқа жатады: магний – $26,7 \text{ мг/дм}^3$.

- Атырау қ., 1 км төмен: су сапасы 3 класқа жатады тұстамасы: магний – $28,3 \text{ мг/дм}^3$.

- "Орал-Атырау бекіре зауыты" РМҚК тасталуынан 3 км төмен Курилкино тұстамасы: су сапасы 4 класқа жатады: магний – $35,2 \text{ мг/дм}^3$

- "Орал-Атырау бекіре зауыты" РМҚК тасталуынан 0,5 км жоғары Курилкино тұстамасы: су сапасы 4 класқа жатады: магний – $31,5 \text{ мг/дм}^3$.

- Дамба кенті тұстамасы: су сапасы 4 класқа жатады: магний – $35,4 \text{ мг/дм}^3$

